

Солдатово ауылдық округі елді мекенінің көше атауларын өзгерту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы Солдатово ауылдық округі әкімінің 2012 жылғы 14 наурыздағы N 01 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Катонқарағай аудандық әділет басқармасында 2012 жылғы 20 наурызда N 5-13-121 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабы, 2–тармағы, «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабы 4) тармақшасына сәйкес, Солдатово ауылының тұрғындарының пікірін ескере келе
Ш Е Ш Е М І Н :

1. Солдатово ауылындағы көше атаулары төмендегідей өзгертілсін:

- 1) Ленин көшесі - «Астана» көшесіне;
- 2) Советская көшесі – «Тәуелсіздік» көшесіне;
- 3) Комсомольская көшесі - «Достық» көшесіне;
- 4) Молодежная көшесі - «Жастар» көшесіне;
- 5) Юбилейная көшесі - «Мереке» көшесіне.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау бас маман Қ. Мамиеваға жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң
қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і .

Округ әкімі

Н. Сивицкая